

АБАЙ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТИ
ФИЛОЛОГИЯ ЖӘНЕ КӨПТІЛДІ БІЛІМ БЕРУ ИНСТИТУТЫ

Практикалық тілдер кафедрасы

2017-18 оқу жылындағы «Тіл-таным» клубы жұмысының жылдық есебі

2017-18 оқу жылында «Тіл- таным» клубы жоспар бойынша өз жұмысын жүргізді. **(Қосымша №1)**

Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күніне арналған «Тәуелсіздік деп соғады жүрегім» атты салтанатты кештің өтуіне «Тіл таным» клубының жетекшісі және студенттері атсалысты. М. Мақатаевтың патриоттық өлеңдерін өзге ұлт өкілдері жатқа айтты, қазақтың ұлттық биін биледі және «Атамекен» әнің шырқады.

«Тіл таным» клуб мүшелерінің бойында патриоттық сезім, отанға, туған жерге деген сүйіспеншілік сезімдерін қалыптастыру мақсатында **12.10.2017ж М. Әуезов атындағы Қазақ Мемлекеттік академиялық драма театрына «Қыз Жібек»** қойылымына бардық (билеттері және студенттердің эсселері сақталған). Билеттері журналға тіркелді.

Клуб мүшелерін отанын сүйуге, бірлікке, ел тарихын білуге, еліміздің мемлекеттік рәміздерін қастерлеуге, отанымыздың байлығын қорғауға, елімізді өркендетуге білімді ұрпақ болуға тәрбиелеу мақсатында Елбасының **«Қазақстан жолы - 2050: бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ»** атты Жолдауы бойынша **«Мәңгілік ел»** атты дөңгелек үстел өткізілді. (папкіге тіркелген)

«Болашаққа бағдар – рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында **«Латын әліпбиіне көшу»** атты дөңгелек үстел, **пікірсайыс** өткізіліп, **сауалнама** алынды. (Сауалнама, слайд, бағдарлама папкаға тіркелді).

Абай атындағы қазақ ұлттық педагогикалық университетінің **90 жылдығына** орай **«Ұлттық университет – ұтымды таңдау»** тақырыбында дөңгелек үстел өткіздік. Клуб мүшелері жетекшінің бағыт беруі бойынша топқа бөлініп, әр институттың тарихына шолу жасап, **тұсаукесерлер** жасады. Өздері оқыған мектептеріне барып таныстырды. (Сауалнама, слайд, бағдарлама папкаға тіркелді).

«Тіл таным» клубының **журналын** үш ай сайын шығарып тұрамыз.

Университет көлемінде өткізілген мерекелік іс-шаралардың барлығында клубымыздың мүшелері ат салысты.

Клуб мүшелері аптасына бір рет жиналып, салт-дәстүрге байланысты, халық ауыз әдебиетіне байланысты көріністер көрсетіп, қазақша ән айтып, мақал-мәтел жарыстарын өткізіп тұрамыз. (Бейне баяндар, суреттер)

Жоспардан тыс мерекелерге байланысты іс-шаралар өткізілді.

«Тіл – таным» клубының жетекшісі :

Алибаева М. С.